

Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында жиналыс өтті.

2 ҚАРАША, 2023ж.

ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында жиналыс өткізді.

Шараға Орталықтағы құрылымдық бөлім басшылары, қызметкерлер қатысты.

Шара мақсаты – ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және парасаттылық принциптерін енгізу болып табылады.

Комплаенс-офицер Б.Ж. Даулетбаева 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасымен таныстырып, қызмет бабын пайдаланып сыбайлас жемқорлықпен айналысудың салдарын жан-жақты түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, Орталықта қабылданған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік-құқықтық актілер мазмұнын талдады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Орталықтың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінде тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтауға және олардың теріс салдарының алдын алуға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі қағидаттары заңдылық, транспаренттілік, әдептілік, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау, мүдделер қақтығысына болдырмау болып табылады.

Сонымен қатар, жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған адамдарды көтермелеу қағидалары туралы айтты және қызметкерлер назарына сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған жағдайда Орталықта сенім телефоны мен сенім жәшігінің жұмыс жасайтындығын жеткізді. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтті. Түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру және әрбір қызметкер осы мақсатқа жету жолында еңбек ету керек.



